

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының тексерістер мен тексерулер жүргізу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық комитетінің төрағасы бекіткен 1996 жылғы 9 тамыз. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 10 қазанда N 207 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті мен оның жергілікті органдары тексерістер мен тексерулерді Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қаржы-валюталық бақылау қызметіне қатысты актілері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 маусымдағы N 753 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті туралы Ереже негізінде жүргізеді.

2. Тексеріс жүргізу кезінде Қаржы-валюталық бақылау комитеті мен оның аумақтық органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Парламенттің қаулыларын, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметінің актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті туралы ережені қатаң басшылыққа алуға міндетті.

3. Комитеттің аумақтық органдары өзінің қызметін жергілікті атқарушы органдармен үйлестіреді, оларға жүргізілетін тексерістер мен тексерулердің нәтижелері туралы дүркін-дүркін хабарлап отырады, кәсіпорындардың, ұйымдар мен басқа да заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметіндегі заңдылықтың бұзылуын, ақшалай қаражаттың, материалдық құндылықтар мен басқа да мүліктің ысырабын, ұрлануы мен жетіспеуін, лауазымды адамдардың қызмет бабын теріс пайдалануын және жемқорлықты жоюға, оларға жол бермеуге бағытталған ұсыныстар енгізеді.

II. Тексерістің негізгі міндеттері

4. Тексерістің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен Комитеттің қаржы-валюталық бақылауды жүзеге асыру және жоғары тұрған органдардың тапсырмалары жөніндегі жұмыстарының жоспарына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің жекелеген бөлімдері мен баптары бойынша;

- министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ бюджеттік қаражат есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметін;

- кәсіпорындардың, ұйымдар мен өзге де заңды тұлғалардың сыртқы экономикалық қызметін валюталық түсімнің толық және уақтылы түсуінің қамтамасыз етілуі және оның пайдаланылуы, валюталық операциялар бойынша есеп пен есептеме тұрғысынан;

- шетелдік капиталдың қатысуымен құрылған, жарғылық қорында Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі бар кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін;

- Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен өкілдіктерін қаржыландыруға бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуын олардың орналасқан жеріне барып;

- айналыстағы мерзімді вексельдерді және мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеу үшін бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуын;

- акциялардың мемлекеттік пакетіне арналған дивидендтердің дұрыс есептелуін, акционерлік қоғамдардың оларды бюджет кірісіне толық аударуын;

- мемлекет меншігін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіруді жүргізу кезінде белгіленген тәртіптегі заңдылықтың және мемлекеттің экономикалық мүдделерінің сақталуын;

- мемлекеттік инвестициялық және несие ресурстарының, мемлекеттің кепілдігімен алынған шетел қарыздары мен несиелерінің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуын;

- мемлекеттік кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, мекемелердегі бұрмалаушылық фактілерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің, әкімдердің тапсырмалары, азаматтардың арыздары мен шағымдары бойынша қолданыстағы заңдарға сәйкес;

- МТК, ҰҚК және прокуратура органдарының қозғалған қылмыстық істер негізінде енгізілген ұсыныстары бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру.

5. Тексерістер мен тексерулердің материалдарын қорытындылау негізінде:

- шетелдік валютаны қоса мемлекеттік қаражат пен ресурстарды ұтымды

п а й д а л а н у ;

- төлем тәртібін, бюджетпен және мемлекеттік қорлармен есеп айырысуды
ж а қ с а р т у ;

- мемлекеттік кәсіпорындардағы, ұйымдар мен мекемелердегі сондай-ақ қаржы қаражаты мен мүліктің ұрлануына, жетіспеушілігі мен ысырабына, тиімсіз пайдаланылуы фактілеріне жол бермеу және кінәлі лауазымды адамдарды тәртіптік, материалдық және әкімшілік жауапкершілікке тарту;

- Республика экономикасын қаржы жағынан сауықтыру және нығайту, кәсіпорындардың, ұйымдар мен өзге де заңды тұлғалардың мемлекет пен қаржы жөніндегі өзара қатынасын, есеп айырысу-несие және валюта-қаржы тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

III. Тексерісті ұйымдастыру және жүргізу

6. Бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерде қаржы-шаруашылық қызметіне, ақшалай қаражат пен тауар-материалдық құндылықтардың сақталуына және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерді Қаржы-валюталық бақылау комитетінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша тексерістер мен тексерулер олардың орналасқан жеріне қарамастан жүргізіледі.

Мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын (мекемелерді) Қаржы-валюталық бақылау комитетінің қызметтері осы органдардың (мекемелердің) бағыныштылық дәрежесіне сәйкес тексереді.

Министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық органдарда тексерістер мен тексерулерді Қаржы-валюталық бақылау комитетінің орталық аппараты жүргізеді. Қажет болған жағдайда Қаржы-валюталық бақылау комитетінің тапсыруымен оларды оның аумақтық органдарының жүргізуі мүмкін

7. Тексерістер мен тексерулер Қаржы-валюталық бақылау комитетінің тиісті бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің, әкімдердің тапсырмалары, МТК, ҰҚК және прокуратура органдарының ұсынуы, азаматтардың хаттары, арыздары мен шағымдары б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алқасы бекіткен бақылау-экономикалық жұмыстың негізгі мәселелерінің әрбір жарты жылға арналған жоспарлары негізінде Қаржы-валюталық бақылау комитетінің облыстық, Алматы қалалық басқармалары, бастамашылық мәселелерді, тиісті өкілдікті және атқарушы өкімет органдарының тапсырмаларын, құқық қорғау органдарының ұсыныстарын, азаматтардың арыздары мен хаттарын енгізе отырып, алқаларда облыс пен қала бойынша бақылау-экономикалық жұмыстың осындай жоспарларын әзірлейді. Солардың негізінде Қаржы-валюталық бақылау комитетінің облыстық, қалалық басқармаларының, орталық аппаратының әрбір

бөлімшесі, құрылымдық бөлімшесі тексерудің нақты объектілерін көрсете отырып (бюджеттік мекемелерді жиі дегенде екі жылда 1 рет, шаруашылық жүргізуші субъектілерді жиі дегенде жылына бір рет тексеру), жарты жылға арналған жоспар жасайды.

8. Әрбір тексеріс пен тексеруді жүргізу үшін қаржы-валюталық бақылау қызметкерлеріне тексерістің (тексерудің) тақырыбы мен объектісі және оны жүргізу мерзімі көрсетілген бір жолғы өкім беріледі.

Өкімге:

Қаржы-валюталық бақылау комитетінде - Комитеттің Төрағасы, ал оның жоқ кезінде оның орынбасарлары, облыстық, қалалық басқармалар мен аудандық бөлімшелерде - басқарманың (бөлімшелердің) бастықтары, ал олар жоқ кезде олардың орынбасарлары қол қояды және Қаржы-валюталық бақылау органының мөрі қойылады.

Комитеттің іс басқармасы, облыстық, қалалық және аудандық басқармалар (бөлімшелер) өкімдерді беру кезінде тіркеп, нөмірлеу жолымен берілетін өкімдердің есебін жүргізеді.

Тексеріс (тексеру) аяқталғаннан кейін өкімдер оларды берген органға қайтарылады және қаржы-валюталық бақылау органдарының істерінде қалдырылатын тексерістер мен тексерулердің материалдарымен бірге сақталады. Облыстық, қалалық және аудандық басқармалардың (бөлімшелердің) бірінші басшысының тексеруге шығуы бұйрықпен ресімделеді.

9. Тексерістер мен тексерулерді жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың, қойылған міндеттердің көлемін, қызметкерлер тобының құрамын ескере отырып белгіленеді, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Негізді себептері болған жағдайда тексерістерді (тексерулерді) жүргізу мерзімінің ұзартылуы мүмкін, бірақ 20 күнтізбелік күннен аспауға тиіс. Бұл үшін тексеруші тексеруге жіберген орган басшысының атына тексеріс (тексеру) мерзімін ұзарту үшін объективті себептер көрсетілген баяндау хат жазуға тиіс. Ұзарту туралы белгі осы өкімде соғылады. Бұл жайында тексерушілер тексеріліп жатқан ұйымның басшысына хабарлауға тиіс. Тексеріс актісіне қол қойылған күн тексерістің аяқталған күні деп есептеледі.

10. Тексеріс жүргізудің алдында мұхият дайындалу, қолда бар заңдық және нормативтік актілерді, тексерілуге тиіс объектінің қызметі мен қаржысының жай-күйін сипаттайтын барлық материалдарды зерделеу керек.

Оларды зерделеу негізінде тексеріс (тексеру) бағдарламасы әзірленеді, оны қаржы-валюталық бақылау басқармасының (бөлімшесінің) басшысы бекітеді. Орталық аппараттың қызметкерлері үшін Қаржы-валюталық бақылау комитеті дайындаған тексерістердің бағдарламаларына, ал орталықтандырылған тапсырмалар бойынша және өздерінің аумақтық органдары үшін

басқармалардың басшылары қол қояды және Комитет Төрағасының жетекшілік жүргізетін орынбасарлары бекітеді.

11. Тексеруге кірістердің алдында тексеру тобының басшысы (тексеруші) тексерілетін ұйымның, кәсіпорынның немесе мекеменің басшысына тексеріс жүргізуге өкілеттігін көрсетеді, оған тексеріс міндеттерін таныстырады.

Тексерудің басшысы және оған қатысушылар өндірістің ұйымдастырылуымен, тексерілетін ұйымның жағдайларымен және ерекшеліктерімен, материалдық құндылықтарды қорғау ісінің жолға қойылуымен танысады.

12. Қаржы-валюталық бақылау органдары қызметкерлерінің тексеру кезінде:

- тексерілетін объектілерде нормативтік сипаттағы құжаттаманы: жоспарларды, сметаларды, берілген есептерді, бухгалтерлік, банк және қаржы құжаттарын, ақшалай қаражаттың, бағалы қағаздар мен материалдық құндылықтардың нақты болуын тексеруге;

- министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік кәсіпорындарға, бюджеттік мекемелер мен ұйымдарға, мемлекеттік банктерге және өзге де мемлекеттік несие-қаржы мекемелеріне, әскери бөлімдер мен бөлімшелерге кедергісіз баруға;

- кассаларды, кассалық және қызмет үйлерін, қоймалар мен архивтерді мөрлеп жабуға, ал сырттан қол қойылған, жалған құжаттар, ұрлық пен жолсыздықтар анықталған жағдайда - қажетті құжаттарды алуға, іс қағаздарында алу актісін, алынған құжаттардың көшірмелері мен тізімін қалдыруға;

- тексеріліп отырған кәсіпорындардың, ұйымдардың және басқа заңды тұлғалардың басшылары мен басқа да қызметкерлерінен тексерістер мен тексерулер барысында туындаған күмәнді және түсініксіз мәселелер бойынша жазбаша түсініктер талап етіп, алуға;

- қозғалған қылмыстық істер бойынша тексеріліп отырған объектілер жөнінде банк және басқа несие мекемелерінен операциялар және шоттардың жай-күйі туралы қажетті мәліметтер алуға, мүмкіндігінше тексерістер мен тексерулерге қатысуға басқа ведомстволардың мамандарын тартуға;

- тексерілетін кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларымен бірге қаржы тәртібінің, бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібінің анықталған бұзылуын, қаражаттың заңсыз жұмсалудың жою үшін тексерістер мен тексерулер барысында қажетті шаралар қолдануға;

- тексерілетін объектілерде меншік иесінің не оның өкілінің қатысуымен өндірістік, қойма және басқа үйлерді қарап шығаруға, түгендеуді, орындалған жұмыстарды бақылау мақсатында өлшеуге құқығы бар.

13. Тауар-материалдық құндылықтарға, шетел валютасын қоса, ақшалай қаражатқа, сондай-ақ бағалы қағаздарға, қатаң есептеме бланкілеріне түгендеу

жүргізу үшін тексеріс тобының басшысы (тексеруші) тексерілетін шаруашылық (мекеме) басшысының алдына жоспардан тыс түгендеу жүргізу, комиссияның құрамы, оның басталуы мен аяқталуы туралы бұйрық шығару мәселесін қояды.

Кассадағы нақты ақша мен бағалы қағаздарға, ал материалдық құндылықтарға олардың сақталған жерінде тексеру кенет жүргізілуге тиіс;

- актілер бойынша төленген жұмыстардың көлемі мен сипатының бекітілген жобаларға, сметаларға және қолданыстағы бағалықтарға сай келуі, заттай орындалған жұмыстардың қабылдау актілерінде көрсетілген көлеміне сай келуі бақылау мақсатындағы өлшеу арқылы тексеріледі.

14. Егер тексеріс барысында ақшалай есеп айырысулар, баспа-бас айырбастар немесе тексеріліп отырған шаруашылық жүргізуші субъектімен өзге де шаруашылық-қаржы операциялары кезінде шаруашылық жүргізуші басқа субъект, не өзге мекеме бұрмалаушылыққа жол бергені анықталса, осы шаруашылық жүргізуші субъектіде (ұйымда) қарсы тексеру жүргізіледі немесе тексерісті тағайындаған басшыға осы жайында хабарланады.

15. Бұрмалаушылықтар мен жолсыздықтар анықталған жағдайда тексерістер мен тексерулер материалдарына анықталған фактілерге қатысты құжаттардың (шоттардың, ведомстволардың, ордерлердің, банкке тапсырмалардың, чектердің, нарядтардың, актілердің, бұйрықтардың және басқа құжаттардың) немесе қолдағы құжаттар негізінде жазылған анықтамалар, сондай-ақ кінәлі лауазымды адамдардың жазбаша түсініктемелері тіркеледі.

ІҮ. Тексерістердің (тексерулердің) нәтижелерін ресімдеу тәртібі және оларды іске асыру

16. Құжаттық тексеріс (тексеру) нәтижелері мынадай тәртіппен ресімделуге т и і с :

- бұрмалаушылықтар болмаған жағдайда тексеруші кәсіпорынның аты, оның бағыныстылығы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, есеп айырысу және басқа шоттары, тексеру күні, ол жүргізілген кезең, тексерілген бухгалтерлік жазбалар мен құжаттар туралы деректер көрсетілген екі дана анықтама жазады, онда тексеру кезінде бұрмалаушылықтың анықталмағаны атап көрсетіледі. Анықтамаға тексеруші, кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері қол қояды.

- бұрмалаушылықтар анықталған жағдайда тексерістің (тексерудің) нәтижелері актімен ресімделеді, онда жоғарыда аталған деректермен қатар жол берілген бұрмалаушылықтардың сипаттамасын келтіру керек. Құжаттық тексеру актісі барлық қосымшаларымен бірге екі дана етіп жазылады. Бірінші данасы тексерілген ұйымның басшысына тапсырылады, екіншісі тексерушіде қалады.

Бұл орайда тексерушілер мынадай талаптарды сақтауға тиіс:

- анықталған бұрмалаушылық фактілерін тиісті заңдар мен нормативтік актілерге сілтеме жасай отырып, дәйектілікпен, объективті түрде, анық және

егжей - тегжейлі

сипаттау;

- тексеру актісінің мәтіні түрлі кестелермен, анықтамалық деректермен, екінші дәрежелі фактілермен, актіге қосымшаларда көрсетілуге тиіс қайталанып отыратын бір текті бұрмалаушылықтарды келтірумен далитылмауға тиіс;

- актіде анықталған бұрмалаушылықтар туралы нақты, негізделген және құжат жүзінде расталған деректерді ғана (құжаттың күні мен нөмірін, заңдық немесе нормативтік актінің атауын, бұрмалаушылықтың мазмұнын, т.б.) көрсету қажет.

Актіге түрлі қорытындыларды, ұсыныстарды, тиісті құжаттармен расталмаған деректерді енгізуге жол берілмейді.

Бірқатар мекемелерге қызмет көрсететін орталықтандырылған бухгалтерияда жүргізілген тексеріс актісіне тексеруші, орталықтандырылған бухгалтерия орналасқан мекеменің басшысы және осы бухгалтерияның бас бухгалтері қол қояды.

Акт жөнінде тексерілген объектінің басшылары тарапынан қарсылық немесе ескертпелер болған жағдайда олар немесе актіге қол қоятын басқа адамдар өздерінің қойған қолдарының үстіңгі жағына осы жайында ескерту жасайды және тексеріс немесе тексеру аяқталған күннен кейін үш күн ішінде жазбаша түсініктер (ескертпелер) тіркейді.

Басшы мен бас бухгалтер, сондай-ақ анықталған бұрмалаушылықтарға қатысы бар басқа қызметкерлер тексеріс актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда қаржы-валюталық бақылау қызметкері тексеріс материалдарына қол қоюдан бас тартқандығы туралы акт жазады, оған тексерісті жүргізген адам және екі куә қол қояды.

Анықталған фактілер бойынша бұрмалаушылықтарды жою және жолсыздыққа кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шұғыл шаралар қолдану қажет болған жағдайда тексеріс (тексеру) барысында жеке (аралық) акт жазылады және лауазымды адамдардан қажетті түсініктер талап етіледі.

Кассаларды тексеру, қызметтің жекелеген учаскелерін немесе тексерілетін объектінің құрылымдық бөлімшелерін тексеру нәтижелері бойынша да аралық актілер жазылады.

Аралық актілерде баяндалған фактілер тексерістің жалпы актісінде қосымшаға сілтеме жасай отырып, қысқаша мазмұнда беріледі.

Актіге қосымшалар алдын-ала іріктеліп, акт мәтінінен туындайтын ретпен нөмірленеді.

Тексерушіден тексеріс (тексеру) материалдарын қабылдаған адамдар тексеру актісінің соңғы бетіне бұл жайында:

"Тексеріс актісі қабылданды" деген белгі соғады, күні көрсетіліп, тексеріс актісін қабылдаған адамның қолы қойылады.

17. Бұрынғы тексерулер мен тексерістер кезінде анықталған

бұрмалаушылықтар мен кемшіліктерді актіде көрсетуге тек бұл бұрмалаушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін тиісті шаралар қолданылмаған немесе бұл бұрмалаушылықтар мен кемшіліктер жүйелі сипат алған жағдайда ғана кеңес беріледі.

18. Әрбір тексеру материалдары олар аяқталғаннан кейін басқармалардың (бөлімшелердің) бастықтарына немесе олардың орынбасарларына не осы басқармалардың (бөлімшелердің) бөлім бастықтарына табыс етіледі, олар 10 күндік мерзімінен кешіктірмей қарап, олар жөнінде шешім қабылдауға тиіс.

аудандар мен қалалар бойынша тексеріс материалдарын Қаржы-валюталық бақылау комитетінің облыстағы басқармасының басшылығы дүркін-дүркін қарайды.

19. Тексеріс материалдарын іске асыру тексеріс барысында басталуға тиіс.

Қаржы-шаруашылық қызметінде бұрмалаушылықтар мен кемшіліктердің анықталуына қарай тексеруші тексеріліп отырған ұйымның басшысына заңға қайшы әрекеттерді тыю, жол берілген бұрмалаушылықтарды жою, келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізеді.

20. Тексеріс барысында қолданылған шаралар тексеріліп отырған ұйымның жұмысындағы бұрмалаушылықтар мен кемшіліктердің толық жойылуын қамтамасыз етпеген жағдайда қаржы-валюталық бақылау органдары:

- тексерілген кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің басшысына анықталған бұрмалаушылықтарды жою туралы, келтірілген зиянның орнын толтыруға шаралар қолдану туралы нұсқау жолдайды;

- жоғары тұрған органдарға бұрмалаушылық фактілеріне жол бермеу, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелердің жұмысына келеңсіз әсерін тигізіп отырған себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс жолдайды.

21. Тексерістер мен тексерулердің материалдары бойынша тексерілген объектілер басшыларының атына жолданатын нұсқаулар мен ұсыныстарға тексеріс жүргізген қаржы-валюталық бақылау органының басшысы қол қояды.

Қаржы-валюталық бақылаудың қалалық және аудандық бөлімшелері жүргізген тексерістер мен тексерулердің материалдары бойынша ведомстволар мен ұйымдарға хабарлау қажет болған жағдайда бұл материалдар ұсыныстармен бірге облыстық қаржы-валюталық бақылау басқармаларына, ал қажет болған жағдайда Қаржы-валюталық бақылау комитетіне жіберіледі.

22. При выявлении серьезных злоупотреблений в финансово-хозяйственной деятельности, хищений средств и т.д., материалы ревизий передаются правоохранительным органам республики.<*>

Ескерту: 22-тармақтың 1 азат жолының қазақша аудармасы болмағандықтан

Кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін материалдарды құқық қорғау органдарына табыс ету кезінде олардың алдына қолданылған шаралардың нәтижелері туралы ақпарат не материалдық зиянның орнын толтыру туралы мәселені шешіп, іс қозғауда бас тарту немесе материалдарды қарауды тоқтату туралы қаулылардың көшірмелері тіркелген уәжді қорытынды беру жөнінде мәселе қойылады.

Салық заңдарының бұзылғаны анықталған жағдайда тексеріс материалдары есепке алу және жасырылған салықтар мен төлемдерді өндіріп алу жөнінде шаралар қолдану, сондай-ақ қаржы және айыппұл санкцияларын қолдану үшін салық органдарына табыс етіледі.

23. Қаржы-валюталық бақылау органдары Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының, ұйымдары мен өзге де заңды тұлғаларының шетелдік әріптестермен есеп айырысуының негізділігін анықтау үшін тиісті шетелдік қызметтермен өзара іс-қимыл жасайды, бұл орайда көрсетілген қызметтердің ақысы олардың көмегімен анықталған бүркелген не жасырылған ақша сомасының немесе басқа да келтірілген зиянның есебінен төленеді.

24. Қаржы-валюталық бақылау комитеті орталық аппаратының, оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері:

- анықталған кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды жою жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын, тексеріс нәтижелері бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;

- тексерістердің және олардың нәтижелерінің есебін, тексеру органына келіп түскен еңбекшілер шағымдарының, арыздары мен хаттарының есебін жүргізеді, қаржы-валюталық бақылаудың жоғары тұрған органына бақылау-тексеру аппаратының жұмысы туралы есебін белгіленген нысандар бойынша табыс етеді;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылыққа мекемелер мен ұйымдардың республикалық бюджеттен артық алынған қаражатты есепке алу жөнінде, ал салық органдарына - тексерістер мен тексерулер барысында анықталған қосымша төлемдер сомасын өндіріп алу туралы ұсыныстар енгізеді;

- тексеріс (тексеру) аяқталғаннан кейін дереу өздерінің жоғары тұрған орындарының басшыларына, тиісті жергілікті әкімдерге ақшалай қаражаттың, шетелдік валютаның, материалдық құндылықтардың ерекше ірі көлемдегі жетіспеушіліктері мен талан-таражының, басқа да жолсыздықтармен келтірілген зиянның барлық фактілері туралы хабарлайды;

- бұдан әрі мұндай жағдайларға жол бермеу шаралары және кінәлі

адамдарды жауапкершілікке тарту, келтірілген зиянның орнын толтыру туралы ұсыныстар табыс етеді.

Қосымша N

ТАПСЫРМА

" " _____ 199__ ж.

_____ қандай заңдық және нормативтік құжаттарға сәйкес

_____ тексеру (бақылау) және нормативтік құжаттарға сәйкес тексеру

_____ (бақылау) жұмыстары жүргізіледі

_____ (н ы с а н н ы ң а т ы)

_____ тексеру жүргізу _____

_____ (тексерушінің ныспысы)

_____ (басқармасы, бөлімі, бөлімшесі)

т а п с ы р ы л а д ы .

Тексерушіге (бақылаушыға) мынадай тапсырма берілген:

_____ -
_____ -
_____ -
Тексеру мерзімі 199__ ж. " " _____ ден
199__ ж. " " _____ дейін

Мөр

Басқарма (бөлім) бастығы _____

(қолы) (ныспысы)

199__ ж. " " _____ ден

199__ ж. " " _____ дейін

ұзартылады _____

(қолы)